

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 197т Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 123-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақта :

реттік нөмірі 2-жолдың 5-бағаны 2-тармағының 2.2.1-тармақшасы "; тұрақты электр жарығын орнату және Қарағанды - Астана жолын жайғастыру (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 85 және 86 бұйрықтары)" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдың 5-бағаны 2-тармағының 2.2.1-тармақшасы ", тұрақты электр жарығын орнатуға және Қарағанды - Астана жолын жайғастыруға байланысты салықтарды төлеу" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі